

## БӨЛІМ: ОҚУШЫ

## Бояуы қанық арман, бозамық ақиқат

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.03.2026СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/187759/**Жұмаш Айғаным**

Астана қаласы, №100 мектеп

**11 сынып оқушысы**

Өнер мен мәдениет — ата заманнан бері қоғамда үлкен рөл ойнайтын, күнделікті өмірдің бір бөлігі болып саналады. Сәби кезден қалыптасатын сантүрлі өнерді есейген кезде әлемге паш ету — үлкен ерліктің белгісі сынды. Бастапқы кедергілерге дес бермеген адамдардың тәжірибесі келешек жұлдыздарға шабыт беретіндей. Алайда балалық шығармашылық арманның күлі көкке ұшатын сәттер, өкінішке орай, аз емес. Біздің тәрбиеміздің сүйікті «Ұят» сөзі ішкі үрейді тудырады. Дегенмен алғашқы қадамды жасауға не кедергі?

Күннен күнге бәсекелестік артуда. Бұл қасиеттің тууы — ата-ананың аузынан шыққан екі-үш сөздің нәтижесі. Дүйім жұрттың жел соққан жаққа бағыт алуын байқаған, белгілі бір стереотипсіз жеке тұлғалар ғана ағысқа қарсы жүзеді. Алайда ішкі цензура көп жағдайда бостандыққа жол бермейді. Бүгінгі таңдағы артық бәсекелестік көбіне сау емес. Ол бос жатқан бағытты жасырып, тапталған жермен жүруге мәжбүрлеуді жөн көреді. Бірақ қазіргі дамыған заманда, бар күш-жігерді салып, аңсаған мақсатқа жету мүлдем мүмкін емес деген тұжырым ешбір адамның ойында ұя салмаған. Жаңа ұрпақтың ұлттық құндылықты сақтап, елімізді жаңа келешекке жеткізетін жаңа тәрбиені қалыптастыру — өз қолымызда.

Бүгінгі уақытта көзі ашық, көкірегі ояу жандардың өнерін қоғамда мүлдем байқамауға болмайды. Күннен күнге дамып келе жатқан мүмкіндіктер жетілген ойды дамытуға көмек беретіндей. «Ауылынан шықпаған ақылынан аспайды» демекші, сенімімізге ерік беріп, ширауға бел бусақ, қазақ қоғамында қарашығы жарқырайтын жастардың саны үдейе түседі.

Кең ақпарат, ашық шекара, биік мақсат — бүгінгі күнде жарқын болашаққа есік ашатын тұтқалардың бірі. Кең далада өскен тұлғаларымыздың әлемге қызығушылығы

мен өзге мемлекеттердің тәжірибесіне көз жүгіртуі қоғамымызға жаңа үрдістерді енгізуге мүмкіндік береді. Еліміздің әр жас таланты өз арманын жүзеге асыру үшін бар ынтасын салып, даму жолында мол мүмкіндіктерге ие болуда. Өнер мен білімді, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре білетін ұрпақ — елдің болашағын жарқыратып, мәдениетімізді жаңа белестерге жетелейді. Әрбір идея, әрбір қадам — еліміздің рухани байлығы мен қоғамдық дамуына жасалған үлес, ал әр жас — сол болашақтың жарқыраған жұлдызы.

Бүгінгі заманда жастарға қолжетімді ақпарат көлемі бұрынғыдан әлдеқайда кең. Ғаламдық желілер, цифрлық ресурстар, шетелдік тәжірибе мен мәдениетке қолжетімділік — барлығы да шығармашылық қабілеттерді дамытуға тың серпін береді. Әр жас өзінің қабілетін, арманын және ойын әлемге жариялай алады. Бұрынғы заманда тек таңдаулы адамдар ғана қоғамға өз үлесін қоса алатын болса, қазір бұл мүмкіндік барлық жас талантқа ашық. Бірақ бұл мүмкіндікті тиімді пайдалану үшін жастарға дұрыс бағыт, тұрақты еңбек пен табандылық қажет.

Армандар мен мақсаттар — бұл әр адамның ішкі қозғаушы күші. Шынайы табысқа жету тек арманмен ғана өлшенбей қажырлы еңбек, тәртіп және өз-өзіне сенім арқылы келеді. Артта қалған қорқыныш, «Ұят» сөзінің тыйымдары, сыртқы сындар — бұл тек алғашқы сынақтар. Олардан өтіп, өз бағытын тауып, шешім қабылдай білетіндер ғана шынайы ерлікке жетеді. Міне, осы ерлік — ұрпақтың жаңа дәуірге қадам басуының басты кепілі.

Еліміздің әр жас таланты тек жеке дамуы үшін емес, қоғамның өркендеуі үшін де еңбек етуі керек. Мәдениет пен білімнің үйлесімі, дәстүр мен жаңашылдықтың қосындысы — еліміздің рухани дамуының кепілі.

Әр жас буын — еліміздің болашағының басты кілті. Олардың әрбір идеясы, әрбір еңбегі — мәдениетімізді дамытатын жаңа серпін, қоғамымызды алға жетелейтін күш. Ұрпақ өзіне сенімді, білімді, өнерлі және ұлттық құндылықтарға берік болса, онда біздің елдің болашағы шын мәнінде жарқын әрі жан-жақты өркендеген болмақ. Өнер мен білім, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі — жарқын болашақтың негізгі тірегі.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.